

"АЖАР" МЕМЛЕКЕТТІК АКЦИОНЕРЛІК КОМПАНИЯСЫ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1994 жылғы 5 сәуір N 333. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің 1995.10.28. N 1395 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының жер қойнауын геологиялық зерделеу, пайдалану мен қорғау мәселелерінде мемлекеттік және шаруашылық басқаруды ажырату мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің Қазақ мемлекеттік мұнай мен газ алуға бұрғыланатын ұңғымаларды геофизикалық зерттеу жөніндегі тресінің құрылымдық бөлімшелері негізінде Қазақстан Республикасының аумағында мұнай мен газ алуға бұрғыланатын ұңғымаларға геофизикалық жұмыстарды жүргізетін "Ажар" мемлекеттік акционерлік компаниясын (N 1 қосымшаға сәйкес құрамда) құру туралы ұсынысы құпталсын.

Компания басқармасының орналасқан жері Ақтөбе қаласы болып анықталсын

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Зерттеу", "Топаз", "Маржан", "Алға", "Тұлпар", "Поиск", "Ақ Бота", "Сенім", "Жарыс", "Толқын" мемлекеттік холдинг компаниялары туралы" 1993 жылғы 17 қыркүйектегі N 901 қаулысымен құрылған "Толқын" компаниясы құрамынан N 2 қосымшадағы ұйымдар мен кәсіпорындар шығарылсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Ажар" мемлекеттік акционерлік компаниясының (бұдан былай - Компания) құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқығын, сондай-ақ Компания құрамына енгізілетін акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын заңдарда белгіленген тәртіп бойынша оған табыстайтын болсын.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың акционерленуіне қарай акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті сататын акциялар пакеттерінен басқасы Қазақстан Республикасында Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) Ұлттық

бағдарламасында белгіленген тәртіппен Компанияның иеленуіне, пайдалануына және басқаруына берілсін.

4. Компания қызметінің негізгі мақсаты конкурстық және эксаумақтық негізде мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен, сондай-ақ бюджеттен тыс қаражат есебінен де скважиналық геофизикалық жұмыстар жүргізу деп белгіленсін және оған:

қызметіне неғұрлым тиімді жағдай туғызу үшін өз құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін үйлестіріп отыру;

геофизикалық жұмыс жүргізуге арналған тапсырыстарды іздестіру;

қажетті өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым құруды өз құрамына кіретін кәсіпорындарға жәрдемдесу;

геофизикалық жұмыс процесіне ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін енгізу;

Компанияның құрамына енген кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын тағайындау және бекіту;

еншілес қоғамдар мен кәсіпорындардың байқаушы кеңестерін қалыптастыру, оларға өздерінің өкілдерін тағайындау;

Компанияда жұмылдыру дайындығы мен азаматтық қорғаныс жөніндегі функциялар мен міндеттерге құқылы мирасқорлықты қамтамасыз ету жүктелсін.

5. Компания бұдан бұрын құрылған акционерлік қоғамдардың байқаушы кеңестерінің құрамына өзінің өкілдерін тағайындасын және оның басшылығы бұрынғы қалпында қалдырылсын.

6. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі:

Компанияның қызметін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қолдансын;

Компанияға кіретін кәсіпорындар және мемлекеттік басқару функцияларын атқаратын ұйымдар арасындағы негізгі құрал-жабдықтар бөлінісін жүзеге асырсын;

Байқаушы кеңестің дербес құрамын және компания президентінің қызметіне кандидатураларды келісіп алу үшін бір апталық мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне ұсыныс енгізісін.

7. Компанияның Байқаушы кеңесі бір ай мерзімде Компания басқармасының құрылымы мен аппаратының санын анықтасын.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның аумақтық комитеттері Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен, Байланыс министрлігімен бірлесіп, қолдағы ресурстардың есебінен Компанияға қажетті қызметтік үй-жайлар,

техникалық құралдар, телефон және телекс байланысы арналарын бөлетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 5 сәуірдегі
N 333 қаулысына
N 1 қосымша

"Ажар" мемлекеттік холдинг компаниясына кіретін
ұйымдар мен кәсіпорындардың
ТІЗБЕСІ

Қазақ мемлекеттік мұнай мен газ алуға бұрғыланатын ұңғымаларды
геофизикалық зерттеу жөніндегі трестің ұйымдары:

Ақтөбе ұңғымаларды геофизикалық зерттеу экспедициясы (Ақтөбе ҰГЗЭ),
Ақтөбе облысының Қарғалы селосы

Батыс Қазақстан ұңғымаларды геофизикалық зерттеу экспедициясы (Батыс
Қазақстан ҰГЗЭ), Атырау облысының Придорожный поселкесі

Маңғыстау ұңғымаларды геофизикалық зерттеу экспедициясы (Маңғыстау ҰГЗЭ
) , Ақтау қаласы

Түлкібас ұңғымаларды геофизикалық зерттеу экспедициясы (Түлкібас ҰГЗЭ),
Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас стансасы

Орал ұңғымаларды геофизикалық зерттеу экспедициясы (Орал ҰГЗЭ), Батыс
Қазақстан облысының Подстепное поселкесі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 5 сәуірдегі
N 333 қаулысына
N 2 қосымша

"Толқын" мемлекеттік холдинг компаниясы

құрамынан шығарылатын ұйымдар мен кәсіпорындардың

ТІЗБЕСІ

Қазақ мемлекеттік мұнай газ алуға бұрғыланатын ұңғымаларды
геофизикалық зерттеу жөніндегі трестің ұйымдары:

Ақтөбе ұңғымаларды геофизикалық зерттеу экспедициясы (Ақтөбе ҰГЗЭ),
Ақтөбе облысының Қарғалы поселкесі

Батыс Қазақстан ұңғымаларды геофизикалық зерттеу экспедициясы (Батыс
Қазақстан ҰГЗЭ), Атырау облысының Придорожный поселкесі

Маңғыстау ұңғымаларды геофизикалық зерттеу экспедициясы (Маңғыстау ҰГЗЭ
) , Атырау қаласы

Түлкібас ұңғымаларды геофизикалық зерттеу экспедициясы (Түлкібас ҰГЗЭ),
Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас стансасы

Орал ұңғымаларды геофизикалық зерттеу экспедициясы (Орал ҰГЗЭ), Батыс
Қазақстан облысының Подстепное поселкесі